




Егемен Қазақстан

Балалар әдебиетінің бірегейі

Бесінші сыныпта оқымын. Бір күні мұқабасы тозған кітаптан «Алтын киік» деген ертегіні оқыдым. Жып-жылы жазылған дүние. Жан-дүнием төңкеріліп түсті. Әжем айтатын аңыздардан бөлектеу. Атқан оғы мұлт кетпейтін Қарамерген аңшы туралы жазады. Ұзақты күн сарылып, қанжығасы бос қайтып келе жатқан аңшыға қалың орманның шетінен бір киік кездеседі.



Аңшыны көрген киік те орнында тұрып қалады. Бұйралана біткен алтын түгі құлпырып, қос мүйізі күнмен шағылысып жалт-жұлт етеді. Ойда жоқта киелі жануармен кездескен мергеннің де дегбірі қашып, көп ойланбай оны нысанана алып, басып қалады. Оқиға осылай қоюлана түседі. Осы шығарма маған қатты әсер етті. Бірақ ол кезде ертегінің авторы кім екенін білген емеспін. Әжем секілді бір кісі шығарған болар деп ойладым. Сөйтсем, осы туындының авторы Сейітжан Омаров екен.

Биыл белгілі жазушының туғанына 115 жыл толды.

Ол кісі қазіргі Ақмола облысы Атбасар ауданындағы Керегетас ауылында өмірге келген. Әкесінен жеті жасында жетім қалған жеткіншек туған ауылындағы бастауыш мектепте сауатын ашады. Одан соң Атбасар қаласындағы жетіжылдық орыс-татар мектебінде оқиды. Бала күнінен білімге құштар жас өзін ілгері жетелеп, Қостанай халық ағарту институтын тәмамдайды. Алғашқы еңбек жолы ұстаздықтан басталып, жергілікті жауапты орындарда жұмыс істейді. Журналистік жолға түсіп, аудандық және облыстық басылымда қызмет атқарды. Алғашқы өлеңдері облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарияланып, көпшілікке танылды.

1937 жылы Алматыга келіп, Қазақстан Жазушылар одағына қызметкес орналасады. «Бақыт» аталған тырнақалды кітабы 1938 жылы жарық көреді. Суреткөр сүм соғыстың да сазды балшығын кешіп, майдан даласындағы «Вперед, на врага» газетінің қызметкери, рота командирінің саяси жұмыс

жөніндегі орынбасары болады. Кейінрек жазушы соғыс тақырыбы туралы бірнеше шынайы шығарма жазды.

Міне, алыс ауылда туып, жетімдіктің мекнатын шегіп, сол кездегі қоғамдағы түрлі формацияны көріп, ақыры қанды қырғынның да аңы дәмін татып, тексті тамыры мен салмақты қалыбынан айнымай, тірлікten өз жолын таба білген табанды тұлғаның өмір жолы – кімге-кімге де үлгі боларлық өнеге.

Қазір балалар әдебиеті кенжелеп қалды деп жиі айтамыз. Эрине, оның да түрлі себебі бар шығар. Алайда қазақ балалар әдебиетінің басында тұрған қаламгерлердің бірі Сейітжан Омаров болды десек, артық айтқанымыз емес. Жазушы шығармаларының басым бөлігі балалар өміріне арналған. Olsen туындыларда автор жасөспірімдерді отансұйғаштікке, ерлік пен батылдыққа, достық пен бірлікке, рухани тазалық пен пайымды парасатқа үндейді.

Оның жеткіншектерге арналған кітаптарынан көпсөзділік, оқиғаны қолдан қилюастыру, шытырман ой іздеу секілді басы артық дүниелер кездеспейді. Композициялық құрылымы, сюжет құру шеберлігі, кейіпкерлерінің көркем бейнеллігі, әсіресе төгілген тілі оқырманды жетелеп отырады. Түрлі әдеби тәсілді сәтті қолданады. Бір ғана «Абай сөзі» деген шағын әңгімесін алайық. Қысқа ғана, әрі кетсе 4-5 бет. Қаламгер өз балалық шағынан сыр шертеді. Бірде кешкілік үйіне алыстан ат арытып Серкеш деген жездесі келеді. Olsen әкесінен айырылып, көңілі қамығып жүрген кішкентай баланы мұсіркеп, мандайынан иіскеп, екі бетінен алма-кезек сүйеді. Дастанқан үстінде Абай туралы әңгіме айтады. Серкеш жездесі хакім ақынның барлық өлеңін бір дәптерге көшіріп алып, оқып жүр екен. Оған бәрі таңғалады. Баланың әжесі мен апасы Абай туралы құштарлана сұрайды. Ас ішіліп болғаннан кейін Серкеш қалың қара дәптерді қолына алып, сығырайған жетілік шамның жарайғымен өлеңді оқуға кіріседі. Енді мына үзіндіге қараңыз. «Абай сөздері менің де құлағыма жағып барады. Оқыған сайын көкірегім ашылып, елігіп, құмартта тұстім.

– Бұл өлеңдерді оқыдың деп молда балама дүре соқпай ма? – деп әжем Серкештің бетіне жаутандай қарады. – Молдадан жасырып оқы, кірлетпей ұста... – Көрдің бе? «Ғылым таппай мақтан ба», дейді Абай. Olsen – дана адам. Онысы: оқы, үйрен, өнер тап дегені. Оқысан, қор болмайсың. Серкештің бұл айтқаны менің көкейіме қонып, көңіліме жағып кетті. – Абайдың осы өлеңдері менің саған тартқан сыйым болсын, – деді Серкеш. – Қағаз тозады, өшеді... Жаттап, көкірегіңе жазып ал! Мен үнсіз басымды изедім...» Бар болғаны осы. Алып-жұлып бара жатқан оқиға жоқ. Аңғара білсеңіз, автор там-түмдап зерделі ой айтады. Жазушы қысқа жанрға ете шебер. Қолтаңбасы да дара. Эрине, мақалада кейіпкеріміздің барлық туындыларын талдау мүмкін емес. Қаламгердің өзі ғұмыр кешкен дәуірді бейнелеген кітаптары жайында кезінде сыншылар жоғары бағасын берген. Ұжымдастыруды қозғаған «Қызыл ай» романы жайында да салмақты ой айтқан. Сонымен бірге суреткердің аудармашылық қыры да бір төбе. Әлем және орыс клас-сиктерінің туындыларын ана тілімізге мөлдіретіп тәржімалаған.

Ұзақ жылдар Қазақстан Жазушылар одағында жауапты қызмет атқарған қаламгердің адами болмысы мен кісілік келбеті жайында замандастары мен інілері де тамылжытып жазған. Айталық, Әзілхан Нұршайықов: «Ешбір жазушы өзін өзгеден кеммін деп ойламайды. Артықпын деп есептейді. Ал Сейітжан ағамыз өзін де, шығармасын да өзгеден биік қойған емес. Бетегеден биік, жусаннан аласа өмір сүрді. Сол үшін де халықтың сүйіктісі болды» десе, ғалым-публицист Жұмағали Ысмағұлов: «Мінезге бай кісі еді. Оның бой-басының мәдениеті, сабырлы, салиқалы адамгершілігі, биязы, жұмсақ парасаты өзі қатарлы замандастарына да, жасы кіші ұрпаққа да үлгі-өнеге еді», деп сыр толғайды. Профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Алдына келгеннің ғана емес, алыстан айбат шеккендердің де тілін тауып, сабасына тұсіретін мәмілегерлігі, салмақты мінезімен-ақ, асаулардың аптығын басатын азаматтығы бар еді. Қазір осындай қасиет жетпей жатыр-ау деп қалғандайсың», деп айтыпты. Осыдан-ақ өмірде ғибратты ғұмыр кешкен сыршыл суреткердің жаны нұрлы, ішкі мәдениеті жоғары парасатты тұлға болғандығын байқаймыз.